

Тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде

2014 жылдан бастап депутаттардың бастамасымен және мектеп директорларының ұсыныстары бойынша қызмет көрсетушіні таңдау ұсынысы бойынша мектептегі тамақтандыру өнімдері бағаларының мемлекеттік деңгейден түсіп кетуіне және тамақтың сапасына әсер етуіне байланысты және директорлардың тікелей бақылауына мүмкіндігі болмағаны үшін мемлекеттік сатып алу жүйесінен алып тасталынды.

Бүгінгі таңда, оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібі орта білім беру ұйымдарында және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда жетім балаларға, ата- ана қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыруға арналған өнімдерді сатып алу, ұйымдастыру тәртібі жасакталған. (ҚР БҒМ-ның 2018 жылғы 31.10.2018 ж.№598 бұйрығы)

Балаларды тамақтандырудың қауіпсіздігіне және сапасына кепілдік беру мақсатындағы ережелерде «Тамақтандыру критерийлері» қарастырылған. Білікті мамандардың осы қызметті көрсетуі үшін жеткізушіні таңдау құқығы: біліктілігі мықты штат қызметкерлері бар жеткізушіні таңдау құқығы қарастырылған. Осы қызметті көрсетуге тәжірибесі бар, білікті штаттары бар, жеткізушіні таңдау және тамақтандыру ережесінің критерийлерінде таңдау қарастырылған: жұмыс тәжірбиесі, аспаздардың біліктілігі, технологтармен диетологтардың болуы, оң сипаттағы мінездемесі, өз қолынан жасалған өнімдердің болуы, энергияны үнемдеу жабдықтарының болуы.

2018 жылдан бастап мектеп асханаларының азық-түлік өнімдерін сақтау, дайындалған тамақтардың сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп асханаларының материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында мемлекеттік жекеменшік серіктестік механизмі енгізілді. Сондай-ақ ережеге сәйкес, конкурстың комиссия құрамына ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдардың) өкілдері және ата-аналар қоғамдастығы, қамқоршылық кеңесі және аймақтық денсаулықты қорғау ұйымы енгізілген.

Жеткізушінің мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру барысында жаңа және табиғи өнімдерді пайдалануды қамтамасыз ете алуы, өзінің жеке азық-түлік өнімдерін алатын шаруа қожалықтарының (шаруа және фермерлік қожалығы, жылыжай т.б) болуы және отандық өнім өндірушілердің азық-түліктерін сатып алуы. Оларға ережеге сәйкес қосымша балл беріледі.

Тағамды тұтыну қасиеті, азық-түлік өнімдері және аспаздық өнімдер, олардың оргонолептикалық қасеттері өнімді дайындау жағдайлары Евразиялық экономикалық одақтың нормативтік актілердің балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне сәйкес келуі тиіс.

Келісім шарттағы көрсетілген талаптардың бұзылуы немесе орындалмауы жағдайында сот тәртібімен тоқтатылады. (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж №599)

2015 жылы білім алушылардың жекелеген санаттарына жоғары сапалы тамақтануды қамтамасыз ету мақсатында Министрлік Қазақ тағамтану академиясымен бірлесе отырып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере

отырып, бір рет қолданылатын мектеп тағамдары үшін бірыңғай нормалар әзірледі (12.03.2012 ж. ҚР № 320 толықтырулар енгізілді).

2018 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамытудың» 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушылардың денсаулығына деген қызығушылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі білім беру мекемелерінде бірыңғай стандарттарды әзірледі.

2019 жылдан бастап министрлік органдардың және білім беру ұйымдарының мектептегі тамақтануын ұйымдастыруға камеральдық бақылауды енгізді, бұл бақылау білім беру ұйымдарына тексеру жұмыстарын орталықта отырып-ақ жүзеге асыруға мүмкіндік береді (яғни барып тексеру қажеттілігі жоқ).

Бұдан басқа, Министрлік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тендерлік процедураларды электронды форматқа көшіру мәселесі бойынша жұмыс жүргізуде.

Әрбір мектепте балалардың тамақтануын қадағалау жөніндегі комиссия бар. Комиссияны мектеп директоры басқарады, оның құрамына мектеп медбикесі, мұғалімдер, ата-аналар комитетінің мүшелері, қамқоршылық кеңес бар.

Тамақтануды ұйымдастыру ережесіне сәйкес, қызмет көрсетуші орта білім беру ұйымының жетекшісіне білім алушыларға арналған өздерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары бар тамақ тізімін ай сайынғы ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті.

Күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты адам дайын тағамдардың сапасын органолептикалық бағалау жүргізеді және тағамдардың сапасын органолептикалық бағалауға енгізеді және аспаздық бұйымдарды журналға енгізеді.

Осылайша, қазіргі уақытта барлық қажетті тегіктер балалардың тамақтану сапасына әсер етуге оуауусчие мектеп органдары жұмыс істеді. Бүгінгі күні білім беру ұйымдары басшыларының (бракераждық комиссияларының торағалары) жауапкершілігі деңгейі артады.

Осыған байланысты Министрліктің мектептегі тамақтану сапасын жақсарту жөніндегі негізгі қызметі тамақтану сапасын бақылауда бракераждық комиссияларының жұмыс тәртібін кеңінен ақпараттандыру болып табылады. Сонымен қатар, білім алушылар мен олардың ата-аналарын тамақтануды ұйымдастыру кезінде анықталған бұзушылықтар туралы ақпараттандыру болып табылады.